


 Бекітемін
 «Ақтөбе облыстық
 “Нектар” арнайы балабақшасы”
 коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
 меңгерушісі

 А.О.Сеитова
 «29» «10» 2026ж.

**Психикалық дамуы тежелген «Қарлығаш» ересек тобының 2025-2026 оқу жылына арналған
 «Алақай, жайдарлы жаз келді!» жазғы – сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспары**

Өткізілетін шаралардың атаулары	Жұмыс мазмұны	Өткізу мерзімі
1-апта (01.06-05.06) «Бақытты балалық шақ»		
«Әрқашан күн сөнбесін!»	Балалар күні мерекесін ұйымдастыру: - балалар шығармашылығынан концерт; - асфальтқа сурет салу байқауы	01.06.2026ж
«Менің әлемім»	- «Менің жақындарым», «Менің үйдегі сырласым», «Менің бауырларым», «Менің отбасым» тақырыптарында балалармен серуенде әңгімелесу; - балалардың отбасында ата-анасымен, бауырларымен немесе жақындарымен бірге уақыт өткізгенде ойнайтын ойындары, спорттық жаттығулары, сайыстарының ішінен көпшілігіне таныс ойын түрін бірге ойнап көру және алған әсерлерімен бөлісу - тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беру, ән тыңдату және қалауы бойынша балаға айтқызу.	02.06-03.06
Кәусәр бұлақ	Балалардың көрген мультфильмдерінен алған әсерлерімен бөлісу, олардың қиялын, логикалық ойлауын, сөйлеу тілін дамыту мақсатында жетекші сұрақтар қою. «Бұл қай мультфильмнен?» пантомимика арқылы кейіпкерді табу ойынын ойнау.	04.06
«Мен елімнің Ұланымын!»	«Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбымен Отан туралы өлеңдерді жатқа айту челленджі. «Ұлттық ойын ойнаймыз, Біз жарысып ойнаймыз» Таза ауада ұлттық ойындар сайысын өткізу.	05.06
2-апта (08.06-12.06) «Жас із-кесушілер»		

1

Жас із-кесушілер	«Кел, бірге сурет саламыз» Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу Қимыл-қозғалыс ойындары «Жалаушаны табу». «Із кесушілер деген кімдер?» жетекші сұрақтар қою арқылы балалармен әңгімелесу. Ертегіні оқып беру.	08.06
Аңдар мен аңшылар	Альбом көру: «Аңдар» «Табиғатты қорғау» белгілерін дайындау. Сурет салу: «Менің сүйікті жануарым» және басқа тақырыптар (балалардың қалауын ескеру ұсынылады). «Кішкентай зерттеушілер» Құм және сумен тәжірибе Құрастыру: «Аңдардың үйшігі» құрылыс материалдарын пайдалану Қоршаған ортаны қорғау бойынша жаднама құрастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: «Қағып ал да, ата» (доппен)	09.06
Мейірімді достарым	«Жануарлар әлемінде» Аңдар мен үй жануарлары туралы кітап көрмесін ұйымдастыру. Мысықтың өзіне күтім жасауын бақылау (жуыну). «Түлкінің туған күні» аудио ертегілер тыңдату, тыңдалған ертегінің мазмұнын айтқызу. Сергіту сәтінде аңдар мен үй жануарларының қимыл-қозғалысын қайталауға құрылған жаттығулар жасау.	10.06
Саялы бақ	«Балабақша ауласында қандай ағаштар өседі?», «Ағаштарды өрттен қорға!» тақырыптарында балалармен әңгімелесу. Сурет, альбом, иллюстрацияларды қарау. Балабақшаның көкөністер бақшасына саяхат жасау. Ағаштарды бақылау, оларға күтім жасау. Ағаштар туралы әңгімелер, өлеңдер оқып беру, жұмбақтар шешу. Дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жапырағы», «Тыңда да таны», «Қай ағаштың жемісі». «Жапырақтары жайқалған ағаштар» ағаштардың суретін салу.	11.06
Сыр сандық	«Түлкі мен тырна» ертегі қойылымын сахналау. «Ең үздік қойылым», ойдан шығарылған ертегі қойылымын ұйымдастыру.	12.06
3 - апта «Жаз да келді, көңілді (15.06-19.06)		
Сабын көпіршіктері күні	«Тазалық– денсаулық кепілі» Балалабақшада және үйде жеке бас тазалығын сақтау туралы әңгімелесу. Медициналық кабинетке саяхат.	15.06

Мұста 2

	«Су тамшылары». Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу. «Дәрігер» сюжетті – рөлдік ойыны. «Қане, жұмбақ шешейік» Су әлемі туралы жұмбақтар шешу.	
Теңіздегі тіршілік	«Су патшалығы» суреттер байқауы (ата-аналармен бірге). «Өзен, көлдер» альбомын безендіру. Сумен ойындар.	16.06
Сүйкімді кірпі	«Менің ағзамның қорғаушысы», «Пайдалы және зиянды» әңгімелесу. «Кірпі мен қасқыр» етрегісін оқып беру. «Зиянды тағамдар» плакатын әзірлеу (ұжымдық жұмыс)	17.06
Табиғат аясында	Жыл мезгілдері. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарды пысықтау. Жапсыру: «Күлімдейді күн маған»	18.06
«Күн, ауа, су» ойын сауығы	«Сылдырайды мөлдір су» денсаулыққа ауа мен судың пайдасы, судағы қауіпті жағдайлар туралы тақырыптық әңгімелесу. «Жуыну әні» бірге қосылып орындау	19.06
4 - апта «Қауіпсіз жаз» (22.06-26.06)		
Бағдаршам күні	Көше қозғалысы ережелерін қайталау. «Дымбілместің қала көшелеріндегі оқиғалары» сюжеттерді көрсетіп, бірге талдау. Жапсыру: «Бағдаршам» Балалардың ережелерді есте сақтауы үшін балабақша ауласында «көше қозғалысы» ойынын ұйымдастыру (ойыншық машиналар, қуыршақтар, құрастырғыш, жол белгілерін пайдалану).	22.06
Пайдалы және зиянды өсімдіктер	«Дәрілік өсімдіктер» суреттерді қарап, әңгімелесу. Жапсыру: «Жеміс-жидектер патшалығы» «Саңырауқұлақтар әлемі» мүсіндеу	23.06
Марғаудың үйшігі	«Өжет өрт сөндірушілер» сюжетті-рөлдік ойыны. Өрт кезіндегі тәртіп ережелері, «01 қызметі», өрт сөндірушілер қызметі туралы балалармен әңгімелесу	24.06
«Қауіпті заттар мен құралдар»	Ойындар: «Өртке қауіпті заттар», «Өрт сөндірушіге не қажет?» «Болады-болмайды» дидактикалық ойын «Мен бастаймын сен аяқта» ойыны Балалармен тақырыпқа байланысты кері байланыс жасау	25.06

Шебер қолдар	Теартландырылған қойылым атрибуттарының байқауы Балалармен бірге қойылымдар қою (саусақ театры)	26.06
1 апта (29.06-03.07) «Гүлденген табиғат»		
Табиғатты қорғайық	«Табиғатпен біргеміз», балалармен қоршаған ортаны қорғау туралы әңгімелесу. Суреттер байқауын ұйымдастыру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бакшадағы қояндар»	29.06
Су әлемінде	Сумен шынығудың пайдасы туралы әңгімелесу. «Судың қасиеті» тәжірибесі, балалардың зерттеушілік қызығушылықтарына қолдау көрсету. Сумен ойындар.	30.06
Ғажайыптар әлемі	Балалармен табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу (жаздағы маусымдық өзгерістер, балалардың киінуі, күн сәулесінің адамға, табиғатқа әсері, аспандағы бұлттар және басқа). Серуен кезінде балаларды табиғат көріністерін бақылауға үйрету және кері байланыс жасау. Табиғат туралы өлең оқып беру, жұмбақтар шешу. «Артық суретті тап» дидактикалық ойын.	01.07
Менің достарым	«Менің отбасым» отбасындағы сүйіспеншілік, сыяластық, мейірімділік туралы әңгімелесу. Адамдар бір-бірін жақсы көретінін ұғындыру, дос болуға баулу. «Қолғанат» Т.Жанұзақов.Көркем шығарма оқып беру. Сюжетті-рөлдік ойын «Тату-тәтті отбасы».	02.07
«Сүйікті қалам - Астана»	«Елімнің жүрегі –Нұр-Сұлтан», әңгімелесу. «Астана» сәйкес ән тыңдату және бірге айту. «Бұл бақытты –мекен» асфальтқа сурет салу байқауы.	03.07
2 апта (07.07-10.07) «Анам, әкем және мен – тату-тәтті отбасы»		
Менің сүйікті кейіпкерім	«Менің сүйікті кейіпкерім» балалар мен ата-аналардың бірлескен әрекеті, дәстүрден тыс техникамен сурет салу сайысы: жүнмен, жіппен, саусақпен, алақанмен сурет салу. Салған кейіпкері туралы әңгімелесу.	07.07
«Мерейлі отбасы»	«Әке көрген оқ жонар» зат қалдықтарынан әкелермен бірге бұйым жасау. Дайындалған бұйымдардан көрме ұйымдастыру.	08.07

	Ата-аналар мен балалардың бірлескен әрекеті, Абай Құнанбайұлының өлеңдерін жатқа айту челленджі.	
«Анам, әкем және мен – тату-тәтті отбасы»	«Әлди-әлди ақбөпем» челленджі, әжесінің бесік жыры. «Отбасымен демаламыз» Отбасының қызықты демалыс сәттерінен фотосуреттер көрмесін ұйымдастыру. «Отбасы – бақыт мекені» Таза ауада ата-аналар мен балаларының қатысуымен «отбасылық эстафета» спорттық сайысын өткізу.	09.07
Ұлттық ойындар	Ұлттық ойындар фестивалі, қимыл-қозғалыс ойындары «Сақина салу», «Алтыбақан», «Ақ серек-көк серек», «Арқан тарту», «Тақия тастамақ», «Күш сынаспақ»	10.07
3 апта «Жазғы сайыстар» (13.07-17.07)		
«Ұлы дала баласы»	«Жас спортшылар», балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес таза ауада жаттығу, шынығу. «Бәйге», «Арқан тарту», «Көкпар» ұлттық ойындарымен «Ұлы дала баласы» спорттық сайысын ұйымдастыру	13.07
Жүгіреміз, зырлаймыз	«Біз шынығамыз» тақырыптарында әңгімелесу, балаға өз денсаулығын қорғаудың маңыздылығын түсіндіру. Жауапкершілікке, тиянақтылыққа үйрету (тісін тазалау, жуыну, қолын жиі жуу, тазалықты сақтау және басқа) «Кірқоймас» К.Чуковский оқып беру. Таза ауада ұлттық ойындарды ойнау: «Ақ серек, көк серек», «Орамал тастамақ»	14.07
Спорттық ойындар күні	Балалардың сүйікті қимыл-қозғалыс ойындарын ойнату. Жаңа ойындарды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындарына атрибуттар әзірлеу. «Кел, санайық» Санамақтар жаттау.	15.07
Менің көңілді добым	Балалармен әңгімелесу «Допты спорт түрлері». Доппен ойнау. Допты нысанаға лақтыру. Сурет салу «Сықырлы доптар» Мүсіндеу «Менің көңілді добым».	16.07
«Олимпиада алауы»	«Менің сүйікті спортым» тақырыбында балалармен әңгімелесу.	17.07

myd
5

	Спорт туралы жұмбақтар, сұрақтар қою. Санамақтар мен өлеңдер жаттау. Спорттық жаттығулар жасату, ойындар ойнату (бадминтон, футбол, волейбол). Құрсаумен және секіртпемен ойнайтын ойындар. Ұлттық ойындар «Асық ойындары»	
4- апта «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма» (20.07-24.07)		
Алтын балық	«Алтын балық» балықтар патшалығына саяхат жасау. «Балықтар әлемі», дәстүрлі емес сурет техникасымен салынған суреттер байқауы. Көркем шығарма оқып беру. Аквариумдағы балықтарды бақылау, жем беру. «Балық аулау» қимыл-қозғалыс ойынын ойнату.	20.07
Ойланайық, балақай!	«Жайдары жаз», ермексазбен жұмыс. Жаз мезгілі туралы әңгімелесу арқылы балалардың түсінік-танымын кеңейту, алған білімдерін бекіту (кері байланыс). «Жаз мезгілі» табиғатты бақылау.	21.07
Гүлдер күні	Гүлдер туралы әңгімелесу, жұмбақтар шешу. «Құлпырған әлем» шығармашылық шеберханасының жұмысын ұйымдастыру, балалардың қалауы бойынша жеке немесе топтасып, әртүрлі материалдардың көмегімен бұйымдар жасау. Педагог бақылап, қажет болса көмек көрсетеді (аппликация, оригами, квиллинг, жапсыру және басқа әдістермен). Жұмыстар дайын болғанда көрме ұйымдастыру, бір-біріне және ата-аналарына сыйға тартуға ұсыныс беру. «Бағбан» сюжеттік-рөлдік ойыны, гүлзарларды, гүлбағын қопсыту, суару, тазалау.	22.07
Жәндіктер әлемі	Танымдық әңгіме. «Жәндіктердің тіршілігі» Серуен кезінде табиғаттағы жәндіктерді бақылау, балаларға жетекші сұрақтар қоя отырып, көрген-білгенін сұрау. Балалармен әңгімелесу, улы жәндіктердің суреттерімен таныстыру, олардан қорғану туралы айту. Таза ауада ұлттық ойындарды ойнау: «Соқыр теке», «Айгөлек», «Күш сынаспақ».	23.07
«Туған өлкем»	«Қазақстан – туған өлкем» тақырыбында сурет бойынша әңгіме. Баланың бойында туған жеріне, еліне деген мақтаныш, сүйіспеншілік сезімін ұялату. Өн тыңдатып, тақпақ айтқызу.	24.07

м.с.с.
6

	Балаларға туған өлке туралы естеліктерден үзінді айтып беру, бірге фотоальбомдар қарау	
5-апта «Менің достарым» (27.07-31.07)		
Әдептілік – әдемілік	«Менің жақсы істерім» әдептілік туралы әңгімелесу. «Әдепті бала», балалармен бірге қысқа диалогтарға құрылған көріністерді ойнату арқылы, оның бойында әдептілік қалыптастыру. «Әдептілік әліппесі. М.Әлімбаев» Көркем шығарма оқып беру. Дидактикалық ойын «Досыма достық лебізім». Сюжетті-рөлдік ойын «Сән салоны».	27.07
Достық күні	Балада дос, достық туралы түсінік қалыптастыру. Достық қарым-қатынасты сипаттайтын қысқа диалогтік көріністерді бірге ойнай отырып, баланың санасында «достық» ұғымын нығайту. Достық туралы ән тыңдау, бірге айту. Жапсыру «Досыма сыйлық»	28.07
Мейірімділік күні	Денсаулық, салауатты өмір салты, мейірімділік туралы әңгімелесу. «Ертегі кейіпкерлерінің жақсы істері» ертегі еліне саяхат, пікірталас.	29.07
Түрлі-түсті кемпірқосақ күні	«Қала үстіндегі шарлар» ойын-сауығы: үрленген шарлармен эстафеталар өткізу. «Көңілді шарлар» шарларға сурет салу, ең көңілді шар конкурсы. Түрлі-түсті шардан кемпірқосақ жасау.	30.07
Достық аллеясы	«Тату-тәтті балалар» Табиғи материалдардан құрастыру. Мүсіндеу «Достық бағь» Ұлттық ойындарды ойнату: «Түйілген орамал», «Арқан тартыс», «Білектесу», «Алтын сақа».	31.07
1 - апта «Ас атасы – нан» (03.08-07.08)		
Алтын дән	- Дәндер патшалығына саяхат: суреттер мен альбомдар қарау. - «Ақ бидай» Ө.Қанахин. Көркем шығарма оқып беру, тыңдалған мәтіннің мазмұнын айтқызу; - «Ажыратып, санаймыз» ыдыстағы дәндерді түрлеріне қарап ажыратып әр ыдысқа бөлу; бөлінген дәндерді санау; - табиғи материалдармен, ермексазбен жұмыс «Дәндер патшалығы»	03.08
Нан - дастархан байлығы	- «Нан - дастархан байлығы» әңгімелесу; шығарма оқып беру, тыңдалған шығарманың мазмұнын айтқызу; - нан қиқымымен ауладағы құстарды қоректендіру және оларды сыртынан бақылау;	04.08

М.С.Т.
4

	- «Тәтті нан»нанның суретін салу. - «Тоқаштар» ермексазdan мүсіндеу.	
Нан болса ән де болады	- Нанды қолдан пісіруден анасы мен баласының, әжесі мен немересінің бірлескен әрекетінен алдын-ала дайындалған челлендж материалдарын қарау; - «Наубайхана» жұмысымен таныстыру; - «Аспазшы» сюжетті рөлдік ойынын ойнату;	05.08
Егіс алқабында	- «Алқапта не өседі?» әңгімелесу, шығарма оқып беру; - «Біз кішкентай көмекшіміз» ауладағы гүлдер мен қызанаққа күтім жасауда қарапайым тапсырмаларды орындату; - «Ғажайып дәндер» ұжымдық жұмыс: дайын суретті дәндермен безендіру	06.08
Жемістер мен көкөністер	- «Жемістер мен көкөністер» фестивалі; - Жұмбақтар мен тақпақтар ; - Жапсыру «Менің дәмді достарым»; - «Кім күшті?» жемістер мен көкөністерді сумен жуып, жеуден сайыс ұйымдастыру.	07.08
2 - апта «Мен және қоршаған орта» (10.08-14.08)		
Менің нәзік достарым	- Гүлдер, оларға қамқорлық жасау туралы әңгімелесу, шығарма оқып беру; - түрлі-түсті қағаздан гүлдер жасау (қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін квиллинг әдісін қолдану); - ұжымдық шығармашылық жұмыс: дайын және жасалған гүлдерді жолаққа орналастырып жапсыру, ауладағы өз тобының ойын алаңын безендіру; - «Гүлге оранған арулар мен балалар» байқауын өткізу (ән айту, би билеу)	10.08
Менің адал достарым	- «Мақта қыз бен мысық» Ыбырай Алтынсарин.Шығармасын оқып бер, әңгімелеу - «Менің достарым»шығармашылық шеберханасы: сурет салудың дәстүрден тыс түрі жүннен, мақтадан, түймелерден және т.б. өзінің достарының бейнесін қағазға жапсырып жасау; - «Менің досыма тілегім»сүйікті достарына арнап тілектерін айтқызу	11.08
Саясында шатырдың	- Қоршаған орта туралы сұрақ-жауап ұйымдастыру; - отбасылық биден әзірленген челлендж материалдарын қарау; - балаларды өздері таңдаған әуендеріне билету.	12.08
Ханталапай	- Ұлттық ойындар туралы әңгімелеу. - асықтарды дайын бояулармен бояу, безендіру. - ұлттық қимылды ойындардан сайыс ұйымдастыру.	13.08



Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талап қыл!	- Мамандық түрлері олардың атқаратын қызметі туралы әңгімелесу; - «Құрылысшы» Ш.Садыханов. «Теміржолшы» Ж.Кенебаев. «Егінші» Н.Жанаев. «Тәрбиеші» Ф.Оңғарсынова түрлі мамандық туралы өлең оқып беру және оның мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру; - мамандықтар туралы еркін тақырыпта сурет салу; - Сурет салу: «Кім болам?» - сюжетті рөлдік ойын ойнату: «Шаштараз»	14.08
3 - апта «Өнер көзі халықта» (17.08-21.08)		
Қуыршақ театры	- Қуыршақ театр қойылымын тамашалау, көрген қойылымның желісі мен ондағы кейіпкерлер туралы әңгімелесу; - «Менің сүйікті достарым» ертегі кейіпкерлерінің костюмдерінің элементтерін қағаздан жасап дайын кейіпкер бейнесіне жапсыру;	17.08
Сөз асылы шешендік	- Алдын-ала әзірленген «Ерте, ерте, ертеде....» әжемнің ертегісін тыңдайық - «Ертегілер әлеміне саяхат» сүйікті ертегілерді айтқызу; - «Мен бастаймын, сен жалғастыр», мақал-мәтел айтудан сайыс ұйымдастыру	18.08
Алуан-алуан кейіпкер бар	- Мүсіндеу: «Менің сүйікті кейіпкерім» ермексаздан мүсіндеу - өзі қолдан жасаған кейіпкерінің образына еніп оның даусымен дыбыстау, сөйлеу; - «Кішкентай ақылды балапан» ертегісін тыңдату, ондағы кейіпкерлер туралы өз ойларын айтқызу.	19.08
Өнерлі өрге жүзер	- «Оюлар сыры» ата-аналармен бірлескен әрекетте алдын-ала үйде әзірленген ұлттық оюлардың көрмесін қарастыру және жасалған бұйымдар туралы әңгімелесу; - «Шешуін кім табады?» тақырыпқа сәйкес жұмбақтар шешкізу; - Таныс әндерді айтқызу.	20.08
Ел іші – өнер кеніші	- «Ертегі атрибуттарын бірге дайындайық» театрландырылған қойылымдар қою үшін атрибуттарды орналастыру; - қойылым желісін ойластыру; - рөлдерді ортақ келісіммен бірге таңдау; - қойылымды қою.	21.08
4-апта «Ғажайыптар әлемінде» (24.08-31.08)		
Балабақшам өз үйім	- «Менің балабақшам», жазғы сауықтыру кезеңінде алған әсерлері туралы балалармен серуенде әңгімелесу;	24.08

	- тақырыпқа сәйкес асфальтқа ұжымдық сурет салуға жұмылдыру, салған суреттері бойынша өз ойларын айтқызу; - тәрбиеші, медбике, тәрбиеші көмекшісі, музыка жетекшісі, денешынықтыру жетекшісі, аспазшы және т.б. рөлдерінде бөлініп, рөлдерді өздігінен таңдап, ойнауға мүмкіндік беру	
«Шеберлер мен өнертапқыштар қаласы»	- Табиғи және қалдық материалдардан құрастыру. - «Ғылымның кішкентай ғажайыптары» тәжірибелік-эксперименттік қызметі. - Қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, сумен және құммен ойындар. - «Ғажайыпты өз қолымызбен жасаймыз» балалар жұмыстарының көрмесі. - «Көңілді өнертапқыштар» спорттық эстафетасы. - «Қауіпсіз және қауіпті заттар бізді қоршаған ортада» әңгімесі.	25.08
Ғажайыптар ертегі орманы	- Экологиялық серуен-бақылау. - «Жақсы істер соқпағы» ойын-саяхаты. - Жануарлар мен табиғат туралы ертегілерді сахналау. - «Орман тұрғындары» қимылды ойындары. - «Орман ғажайыбы» шығармашылық қызметі (мүсіндеу, сурет салу). - «Табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлық» әңгімесі. - Табиғат құбылыстарын бақылау	26.08
«Бір, екі, үш – күш жина!»	- Балалармен дене шынықтырудың пайдасы туралы әңгімелесу; - балалармен бірге өздеріне ұнайтын дене жаттығулары мен спорттық ойындарды таңдап, бірге ойнау; - серуен кезінде аулада қарапайым еңбекке баулу, бірге еңбек ету; - «Бәйге» ұлттық ойынын ойнау.	27.08
Менің Қазақстаным	- Балалармен Қазақстан Республикасы туралы, туған өлкенің көрікті жерлері мен табиғаты жайында әңгімелесу; - «Мен бастаймын, сен жалғастыр» ойыны негізінде өткізілген «Елім менің» тақырыбындағы ата-аналар мен балалар арасындағы өлең оқу байқауының бейнематериалдарын көрсету, үздік бейнероликтерді бірлесіп таңдау	28.08

ms
10

Тексерілді:
Әдіскер: *М. Мамы*
« 29 » 05 2025-2026 ж.
Махамбетов Ә.С.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы КММ

Топ: Психикалық дамуы тежелген «Қарлығаш» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: маусым айы I-апта

Педагогтың аты-жөні: Қаражигитова А.С

Өтпелі тақырып: «Бақытты балалық шақ»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 01.06.2026	Сейсенбі 02.06.2026	Сәрсенбі 03.06.2026	Бейсенбі 04.06.2026	Жұма 05.06.2026
Балаларды қабылдау	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. Баланың тәрбиесіне көңіл бөлуді және де күнделікті сұрақ-жауап арқылы баламен әңгіме жүргізуді ескерту.				
Таңертенгі гимнастика жаттығулар кешені	Жаттығулар кешені. /Құралсыз/ Таңғы жаттығу: бір қатар сапқа тұру, баяу жүру, аяқтың ұшынан, өкшемен жүру. 3 қатарға бөлініп тұру. 1.БҚ. Тік тұру, аяқ арасы сәл ашық. 1-қолды алға. 2- жоғары. 3- қапталға. 4- төменге түсіру (5-6 рет) 2.БҚ. Тік тұрып қолды алға, артқа айналдыру. (5-6 рет) 3.БҚ. Аяқтары иық деңгейінде, қолдары кеуде алдында. Шынтақтары бүгілген. саусақтары жұдырыққа түйілген. Осы күйінде қолдарын айналдыру. (5-6 рет) 4.БҚ. Тік тұру. 1-аяқтың ұшына қолды тізені бүкпей жеткізу. 2-бастапқы қалыпқа келу. 3-екінші аяққа. 4-бастапқы қалыпқа. (5-6 рет) 5. Аяқтары сәл ашылған. Қолдары алға қарай созылған. Отырып тұру. (5-6 рет) Бір қатармен жүру. Тыныс алу жаттығулары. 6. Баяу жүгіру, тыныс алу жаттығулары.				
Гигиеналық шаралар	Ойын- жаттығу: Су- тіршілік негізі, Онсыз өмір сүрмейсің. Гигиена егізі, Су деп және білгейсің.				

Таңғы ас	Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Асың, асың асына, Береке берсін басына. Дастарханың мол болсын, Денсаулығың зор болсын.				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті	«Бақ-бақ» дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу. «Із кесуші» мультфильмін тамашалау. Саусақ жаттығулары.	Альбомдар көру: «Аңдар». Сурет салу: «Менің сүйікті жануарым» және сұр қоян» қимыл-басқа тақырыптар (балалардың қалауына қарай ескеру ұсынылады). Музыкалық сергіту. Құрастыру «Аңдардың үйшігі».	Аңдар мен үй жануарлары туралы слайд. Сергіту сәті «Ұзын құлақ-балалар қоян» қимыл-басқа тақырыптар (балалардың қалауына қарай ескеру ұсынылады). «Қойшы бай» мультфильмі.	Балалар күні мерекесін ұйымдастыру балалар шығармашылығынан концерт. -асфальтқа сурет салу байқауы	«Сүйікті қалам – Ақтөбем» слайд шоу. Музыкалық сергіту. Ақтөбе туралы музыкалық ән тыңдау.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімді дұрыс киюін, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Біздің топта ұл-қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз. Айналаға бар адамға, Тек мейірім сыйлаймыз.				
Күндізгі серуен	Ағаштарды бақылау Мақсаты: Балабақшаның ауласында өсіп тұрған ағаштарды жапырақтары бойынша танып, атын атай білу. Табиғат байлығы ағаштарға қамқор болуға, үлкендер еңбегін бағалауға	Емен ағашын бақылау Мақсаты: Балалардың балабақша ауласында өсетін ағаштар туралы білімдерін тиянақтау, оларды қорғап, күтім жасауға үйрету. Зерттеу жұмысы Емен ағашының жапырағын қарау. Құрлысына назар аудару, басқа ағаш жапырақтарымен салыстыру.	Гүл егілген алаңқайды бақылау. Мақсаты: Гүлді дән себу арқылы еккен кезде, егілген гүл дәнінен алғашқыда жапырақ, содан кейін кішкентай өскін, кейін үлкен гүл өсімдігі өсіп шығатыны туралы балаларға түсіндіру. Гүлге тек қана әсемдік үшін ғана емес, табиғаттың бір мүшесі ретінде қамқорлық жасауға	№4 Бақылау: Бақшадағы тіршілік иелерін бақылау Мақсаты: Жаз мезгіліндегі табиғат құбылыстары мен тіршілік иелерінің іс-әрекеттерін бақылау арқылы қоршаған ортаға сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Еңбек: құмда ойнайтын ойыншықтарды мұқият жинау. Мақсаты: Ойын алаңын таза, ұқыпты ұстауға	№5 Бақылау: Бала бақша бақшасындағы көкөністерді бақылау. Мақсаты: Жазғы табиғат құбылыстарымен таныстыра отырып, бақшадағы көкөністерге назарларына аудару.. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Жаз

	тәрбиелеу. Еңбек: ағаштардың дінгектерін (жерін, топырағын) қопсыту.		тәрбиелеу.	тәрбиелеу.Өз орындарын жинап жүруге дағдыландыру.	мезгіліндегі табиғаттың сұлулығы мен әсемдігін көре білуге тәрбиелеу. Еңбек: Беседка ішін сыпыру, ойыншықтарды жинау Мақсаты:Сыпырғыш ты дұрыс қолдана алуға үйрету. Қимылдық ойын: Құмда ойнайтын ыдыстармен және т.б еркін ойындар
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, жинастыруы, қолдарын жуу, дербес ойын әрекеті				
Гигиеналық шаралар	Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.				
Түскі асқа дайындық	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу; әдеп ережесі.				
Түскі ас	Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Тамақтан соң ауыз шай. Әдет қыл бұл ісінді, Тазалап жүр тісінді Ішсеңде, жалғыз шәй.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Баланың психофизикалық әлеуетін қалпына келтіру. Желдету. Тыныштық режимін сақтау. Ұйқыдан кейінгі жаттығу түрлері: Ал, қанеки балалар, Көзімізді ашамыз. Ұйқымызды ашамыз,				

	1.2.3 жаттығуды бастаймыз Төсектерінде жатып колдарын алдыға, жанына созу Аяқты алдыға, жоғары сермеу Аяқты бүту, созу Төсектен тұрып массаж жолымен жүру				
Бестін асқа дайындық	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю) Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау Үстел басында өзі әдепті ұстауға қалыптастыру				
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу Нан қызымын шашпандар, Жерле жатса, баспандар, Теріп алып, қастерлеп, Торғайларға тастандар				
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті	«Мен ұқыпты баламын» мультфильмі. Музыкалық қимылды би. «Тамшылар» дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу.	Аквариумдағы балықтарды тамашалау және фото суреттер «Өзен, көлдер» альбомын безендіру. Жәй қозғалыс ойыны «Балық аулау».	«Дәмді және дәмсіз» мультфильмі «Жеуге болады, жеуге болмайды» дайын суретті жапсыру, ұжымдық жұмыс Санамактар	«Көз алдына елестетіп көрсету» пантомима ойыны. Мақсаты: Музыка әуенімен көңілді пантомимика кейпкерді табу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту	«Әуенді ырғақты қимыл-қозғалыс жаттығулары Мақсаты: Тепе-теңдік пен қимыл-қозғалысты жасай білуге баулу
Кешкі асқа дайындық	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды дағдыға айналдыру				
Кешкі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу Ас адамның арқауы, Деген сөз бар ежелден, Бойға сиып тарқауы,				

	Үшін керек ереже.
Серуенге дайындық	Балалардың реттілікпен киімдерін киіп, сапқа тұруы.
Серуендеу	Серуенге қызығушылық туғызу. Еркін ойындар Ойын- жаттығу: Балақай! Болсаң да әлі қаршадай, Ойнау үшін шаршамай, Оқу үшін бақшада, Алу үшін тәбетте, Құру үшін сен сауық – Керек жаксы денсаулық.
Балалардың үйге қайтуы Ата-анаға кеңес	Ата-аналарға арналған кеңестер: «Мектепке дейінгі балаларға арналған май табанның алдын алу жаттығулары» туралы кеңестер беру.

Тексерілді:
Әдіскер: *М.А.Ж.*
« 05 » 06 2025-2026ж.
М.А.Ж.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы КММ

Топ: Психикалық дамуы тежелген «Қарлығаш» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: маусым айы II-апта

Педагогтың аты-жөні: Қаражигитова А.С

Өтпелі тақырып: «Жас із-кесушілер»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 08.06.2026	Сейсенбі 09.06.2026	Сәрсенбі 10.06.2026	Бейсенбі 11.06.2026	Жұма 12.06.2026
Балаларды қабылдау	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. Баланың тәрбиесіне көңіл бөлуді және де күнделікті сұрақ-жауап арқылы баламен әңгіме жүргізуді ескерту.				
Танертенгі гимнастика жаттығулар кешені	Жаттығулар кешені. /Құралсыз/ Таңғы жаттығу: бір қатар сапка тұру, баяу жүру, аяқтың ұшынан, өкшемен жүру. 2 қатарға бөлініп тұру. 1.БҚ. Тік тұру, аяқ арасы сәл ашық. 1-қолды алға. 2- жоғары. 3- қапталға. 4- төменге түсіру (5-6 рет) 2.БҚ. Тік тұрып қолды алға, артқа айналдыру. (5-6 рет) 3.БҚ. Аяқтары нық деңгейінде, қолдары кеуде алдында.Шынтақтары бүгілген.саусақтары жұдырыққа түйілген.Осы күйінде қолдарын айналдыру.(5-6 рет) 4.БҚ. Тік тұру.1-аяқтың ұшына қолды тізені бүкпей жеткізу.2-бастапқы қалыпқа келу.3-екінші аяққа.4-бастапқы қалыпқа. (5-6 рет) 5.Аяқтары сәл ашылған.Қолдары алға қарай созылған.Отырып тұру. (5-6 рет) Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығулары. 6.Баяу жүгіру, тыныс алу жаттығулары.				
Гигиеналық шаралар	Салқын сумен жуу.Сүрту Дос бол сабын, сумен сен, Жні қолды жуғын сен. Танертен де, кешке де,				

Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, жинастыруы, қолдарын жуу, дербес ойын әрекеті «Менің ойыншықтарым» (М Әлімбаев) Жүрмейсінбе абайлап, Болмасаңшы ұрыншақ. Асыр салып көп ойнап, Аксап қапсың құлыншақ!
Гигиеналық шаралар	Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай Тағамға қол созамыз.
Түскі асқа дайындық	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу, әдеп ережесі.
Түскі ас	Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Нандай жоқ қой асыл дәм, Жеп үйренген жасыңнан. Дастарқаннан нан кетсе, Береке кетер асыңнан.
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Желдету. Тыныштық режимін сақтау. Ұйқыдан кейінгі жаттығу түрлері; Велосипед Бірге керілейік, Бірге созылайық. Бірге қолымызды созайық. Бірге тіземізді ұстайық. Бірге велосипед тебейік.
Бестін асқа дайындық.	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю).
Бестін ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу. Асың, асың асына, Береке берсін басыңа. Дастарханың мол болсын, Денсаулығың зор болсын.

Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті	«Достық» саусак жаттығуы Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос(кол саусақтары өз-ара бірігеді Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз(екі колдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір,екі,үш,төрт,бес(шынашақтан бастап,саусақтарды кезекпен бір біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір,екі,үш,төрт,бес Енді санауды аяқтадық(колды төмен түсіреміз,демалтамыз) Сергіту сәті «Ұзын құлақ сұр қоян» қимыл-қозғалысын қайталауға арқылы жаттығулар жасау.				
Кешкі асқа дайындық	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды дағдыға айналдыру				
Кешкі ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу,әдеп ережесі. Ас адамның арқауы, Деген сөз бар ежелден. Бойға сіңіп тарқауы, Үшін керек ереже.				
Серуенге дайындық	Балалардың реттілікпен киімдерін киіп, сапқа тұруы. Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі),				
Серуендеу	Серуенге қызығушылық туғызу. Сергіту сәті «Ұзын құлақ сұр қоян» қимыл-қозғалысын қайталауға арқылы жаттығулар жасау. Еркін ойындар				
Балалардың үйге қайтуы Ата-кеңес	Ата-аналарға арналған кеңестер: Балабақшаға баланың күнделікті киімі гигиеналық талапқа сай болуы.				

Тексерілді:
Әдіскер: 
« 12 » 06 2025-2026о.ж
Гусеницаева А.С.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы КММ

Топ: Психикалық дамуы тежелген «Қарлығаш» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: маусым айы ІІІ-апта

Педагогтың аты-жөні: Қаражигитова А.С

Өтпелі тақырып: «Жаз да келді, көңілді»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 15.06.2026	Сейсенбі 16.06.2026	Сәрсенбі 17.06.2026	Бейсенбі 18.06.2026	Жұма 19.06.2026
Балаларды далада қабылдау	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қалағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. Баланың тәрбиесіне көңіл бөлуді және де күнделікті сұрақ-жауап арқылы баламен әңгіме жүргізуді ескерту.				
Таңғы гимнастика	Жаттығулар кешені. /Құралсыз/ Таңғы жаттығу: бір қатар сапқа тұру, баяу жүру, аяқтың ұшынан, өкшемен жүру. 2 қатарға бөлініп тұру. 1.БҚ. Тік тұру, аяқ арасы сәл ашық. 1-қолды алға. 2- жоғары. 3- қапталға. 4- төменге түсіру (5-6 рет) 2.БҚ. Тік тұрып қолды алға, артқа айналдыру. (5-6 рет) 3.БҚ. Аяқтары иық деңгейінде, қолдары кеуде алдында.Шынтақтары бүгілген.саусақтары жұдырыққа түйілген.Осы күйінде қолдарын айналдыру.(5-6 рет) 4.БҚ. Тік тұру.1-аяқтың ұшына қолды тізені бүкпей жеткізу.2-бастапқы қалыпқа келу.3-екінші аяққа.4-бастапқы қалыпқа. (5-6 рет) 5. Аяқтары сәл ашылған.Қолдары алға қарай созылған.Отырып тұру. (5-6 рет) Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығулары. 6.Баяу жүгіру, тыныс алу жаттығулары.				

Гигиеналық шаралар	Салқын сумен жуу Сүрту Салқын сумен, салқын сумен жуынсақ, Шынығады, шынығады денеміз. Ауырмаймыз, шаттанамыз Біз шынығып өсеміз				
Таңғы ас	Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Асын, асын асына, Береке берсін басына. Дастарханның мол болсын, Денсаулығың зор болсын.				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті	«Мен ұқыпты баламын» мультфильмі. Музыкалық қимылды би. «Тамшылар» дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу.	Аквариумдағы балықтарды тамашалау және фото суреттер. «Өзен, көлдер» альбомын безендіру. Жәй көзгалыс ойыны «Балық аулау».	«Дәмді және дәмсіз» мультфильмі «Жеуге болады, жеуге болмайды» дайын суретті жапсыру, ұжымдық жұмыс. Санамақтар.	Жыл мезгілдері мультфильмін тамашалау Табиғат құбылыстары туралы фотоальбом тамашалау. Жапсыру «Күлмдейді күн маған». Музыкалық сергіту	«Тазалықтың досы» А.Мейжанова. «Жуыну әні» тыңдау. Ыдысқа құйылған суға әр түрлі ойыншықтарды салу.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, киіміндегі олаңдықтарды жөндеуді қадағалау.				

Күндізгі серуен	Бакшадағы тіршілік иелерін бақылау Максаты: Жаз мезгіліндегі табиғат құбылыстары мен тіршілік иелерінің іс-әрекеттерін бақылау арқылы қоршаған ортаға сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Еңбек: құмда ойнайтын ойыншықтарды жұмыртқа жинау. Максаты: Ойын алаңын таза, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Өз орындарын жинап жүруге дағдыландыру. Қимылды ойын: Қимыл қозғалыс ойындары: Еркін ойындар	Балабақша бақшасындағы көкөністерді бақылау. Максаты: Жазғы табиғат құбылыстарымен таныстыра отырып, бақшадағы көкөністерге назарларына аудару. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Жаз мезгіліндегі табиғаттың сұлулығы мен әсемдігін көре білуге тәрбиелеу. Еңбек: Беседка ішін сыпыру, ойыншықтарды жинау Максаты: Сыпырғышты дұрыс қолдана алуға үйрету.	Алма ағашының өсуін бақылау Максаты: Жеміс ағаштары туралы түсініктерін кеңейту. Басқа ағаштан жапырағының, бұтағының айырмашылығын ажырату Еңбек: Қоқыстарды жинау Максаты: Өз бастамасымен балаларды үлкендерге көмектесуге үйрету; өз ойын алаңындағы тазалыққа, еңбекке баулу. Сергіту қимыл-қозғалыс әсті «Хокки-поки» біті	Жазғы күннің қызуын бақылау Максаты: Көкжиектегі күнге көңіл бөлу керек; аспан төңірегінде орналасқан күннің көзі ыстық); Еңбек: Қоқыстарды жинау Максаты: Өз бастамасымен балаларды үлкендерге көмектесуге үйрету; орнына өз бетінше еңбек құралдарын жинау. Балаларды сауықтыру шарасы: Құмда жалаң аяқ жүру	Желді бақылау Максаты: жаз мезгілінде желдің ерекшелігі ыстық жел, оның бағытын анықтау Еңбек: Топ ойын алаңдағы гүлдердің шөптерін жұтуға көмек Максаты: Балаларды топ алаңындағы гүлдер. Қызанақ, жеміс ағаштарының аттарын атай біле отырып, өсіп кеткен арам шөптерді жұтуға көмектесуі. Еңбекке баулу Қимылдық ойын: Құмда ойнайтын ойындармен және т.б. еркін ойындар
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, жинастыруы, қолдарын жуу, дербес ойын әрекеті Бала бала баламыз Бакшамызға барамыз Күні бойы қызыққа Батамызла қаламыз				
Гигиеналық шаралар	Қолдарын жуғызу Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.				
Түскі асқа дайындық	Қолдарын жуғызу. Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптасуы				
Түскі ас	Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Наңдай жоқ қой асыл дәм, Жеп үйренген жасыннан. Дастарқаннан нан кетсе, Береке кетер асыннан.				

Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Ұйқы ашар жаттығуы Кемпірқосақ жаса Бір қалыпта, арқасымен жату, аяқтары бірге, колдары аяғының бойымен тіке тұрады. Жауырынды тік ұстап созылу. Оң аяқты көтеріп ауада жарты шеңбер жасау, дәл солай сол аяқты көтеріп жарты шеңбер жасау. Қандай ғажап керемет, Әсем есік ашылды. Түрлі - түсті бояулар, Аспанда жайылып шашылды.
Бестін асқа дайындық.	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю).
Бестін ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу.
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті	«ҚОЛТЫРАУЫН» саусақ жаттығуы Қолтырауын қонақ күтуде (екі қолдың саусақтарын түйіп қайта ашып қалады) Тістері тура шегедей (саусақтарын ашқан күйі оң алақанды сәл дөңгелетіп үстіне беттестіре саусақтарды сәл дөңгелете «қолтырауынның аузын ашқан сияқты» ашып-жабады. Бұл жерден қой өтпеді ме? (қолды төмен бос тастап, нықты жоғары көтереді) Деп сұрадым ойын білмекке (алақандарын бір-біріне ысқылайды) Ал ол болса тымпиып жатыр (көздерін қысады)
Кешкі асқа дайындық	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды дағдыға айналдыру
Кешкі ас	Тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу. Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.
Серуенге дайындық	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (<i>тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі</i>).
Серуендеу	Серуенге қызығушылық тудыру. Қимыл-қозғалыс ойындары.Еркін ойындар
Балалардың үйге қайтуы Ата-аналарға кеңес	Ата-аналарға арналған кеңестер: Балаларға нүктелі массаждың пайласы

Тексерілді:
Әдіскер: *М. Мамба*
« 19 » 06 2025-2026о.ж
Мамашова Ә.Ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы КММ

Топ: Психикалық дамуы тежелген «Қарлығаш» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: маусым айы IV-апта

Педагогтың аты-жөні: Қаражигитова А.С

Өтпелі тақырып: «Қауіпсіз жаз»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 22.06.2026	Сейсенбі 23.26.2026	Сәрсенбі 24.06.2026	Бейсенбі 25.06.2026	Жұма 06.06.2026
Балаларды далада қабылдау	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. Баланың тәрбиесіне көңіл бөлуді және де күнделікті сұрақ-жауап арқылы баламен әңгіме жүргізуді ескерту.				
